



АЛКОГОЛЬГЕ ТӘУЕЛДІЛІК: АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРДІ ҚАЛАЙ БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ?

Алкогольге тәуелділік көбіне аяқ астынан пайда болмайды. Көп жағдайда бәрі «ара-тұра ішуден» басталып, уақыт өте келе адамның денсаулығына, мінез-құлқына, отбасындағы қарым-қатынасына әсер ете бастайды. Дәрігерлер соңғы кезде мұндай мәселемен маман көмегіне жүгінетін жастардың да көбейіп отырғанын айтады. Алматы облыстық психикалық денсаулық орталығының Наркология әйелдер бөлімінің меңгерушісі, дәрігер-нарколог Дамысбек Гүлшаш Дамысбековна алкогольге тәуелділіктің алғашқы белгілері, алдын алу жолдары және емдеу тәсілдері туралы айтып берді.

– Гүлшаш Дамысбековна, бүгінде Алматы облысында алкогольге тәуелділіктің алдын алу бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Алкоголизм – спирттік ішімдіктерді шамадан тыс әрі жиі қолдану салдарынан дамиды. Бұл тек жаман әдет емес, адамның физикалық және психикалық денсаулығына әсер ететін дерт. Ол уақыт өте келе еңбекке қабілеттіліктің төмендеуіне, отбасылық қарым-қатынастың бұзылуына және әлеуметтік қиындықтарға алып келеді.

Алкоголизм көбіне тұрмыстық ішімдіктен басталады. Яғни адам алғашында тек мереке, демалыс немесе достар ортасында ішімдік ішеді. Бірақ уақыт өте келе оған деген тәуелділік қалыптасуы мүмкін.

Алматы облысында алкогольге тәуелділіктің алдын алу бағытындағы жұмыстар бірнеше кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші кезеңде аудандық наркологтар науқастарды есепке алып, қажет болған жағдайда стационарлық емге жолдайды. Сонымен қатар учаскелік полиция қызметкерлері де бақылау жұмыстарын жүргізеді. Егер туыстары тарапынан шағым түссе, науқас сот шешімімен мәжбүрлі емге жіберілуі мүмкін.

Екінші кезеңде Облыстық психикалық денсаулық орталығы жанындағы оңалту бөлімінде кешенді жұмыстар жүргізіледі. Мұнда психотерапия, еңбек терапиясы, арттерапия, музыка терапиясы,

әлеуметтік бейімдеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар науқастармен жеке және топтық психологиялық жұмыстар өткізіліп, олардың туыстарымен де түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Орталықта «12 қадам» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіліп, концерттер, спорттық жарыстар, пікірталастар секілді түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мұның бәрі адамның қоғамға қайта бейімделуіне көмектеседі.

Үшінші кезеңде емделіп шыққан азаматтар тұрғылықты жері бойынша наркологтың динамикалық бақылауында болады. Сонымен қатар «Анонимді алкогольіктер», «Жылы Азия» секілді қоғамдық ұйымдар психологиялық және моральдық қолдау көрсетеді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Алматы облысында «Алкоголь қолданудан туындаған психика және мінез-құлқы бұзылыстары. Тәуелділік синдромы» диагнозымен 2024 жылы 2613 адам, 2025 жылы 2506 адам, ал 2026 жылы 2404 адам есепте тұрған. Оның ішінде жасөспірімдер де бар.

– Жасөспірімдер мен жастар арасында алкогольге әуестік қаншалықты өзекті?

– Өкінішке қарай, бұл мәселе жастар арасында да кездеседі. Алкогольге тәуелділіктің қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді. Олардың қатарында тұқымқуалаушылық, отба-

сындағы түсініспеушіліктер, ата-ана бақылауының әлсіреуі, достар ортасының ықпалы, психологиялық күйзеліс, жалғыздық және әлеуметтік желілердің әсері бар.

Кей жағдайда жастар алкогольді «ересек өмірдің белгісі» ретінде қабылдайды. Бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы мен ішімдіктің қолжетімді болуы да тәуелділік қаупін арттырады. Сондықтан ерте профилактика өте маңызды.

Бүгінде Облыстық психикалық денсаулық орталығы мамандары мектептер мен колледждерде түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Жасөспірімдер арасында конференциялар, кездесулер, санитариялық-ағарту іс-шаралары ұйымдастырылады. Сонымен қатар полиция қызметкерлері түнгі рейдтер өткізіп, жасөспірімдерді бақылау шараларын жүргізеді.

– Алкогольге тәуелділіктің алғашқы белгілері қандай?

– Алкогольге тәуелділік бірден қалыптаспайды. Оның алғашқы белгілері біртіндеп байқалады. Мысалы, адам ішімдікті жиі іздей бастайды, ішкен алкоголь мөлшерін бақылау қиындайды. Кей жағдайда адам ішімдік ішкеннен кейін болған кейбір оқиғаларды есіне түсіре алмай қалады. Медицинада мұны «паллимпсест» деп атайды. Қарапайым тілмен айтқанда, адам мас күйінде не болғанын жартылай немесе толық ұмытып қалады.



Сонымен қатар әлсіздік, тез шаршау, ашушаңдық, зейіннің төмендеуі байқалады. Уақыт өте келе адамның мінез-құлқы өзгереді. Кей адамдар дөрекіленіп, отбасы мен қоғамдық жауапкершілікке немқұрайлы қарай бастайды.

Мамандар алкогольді үш сатыға бөледі. Бірінші сатысында адам ішімдікті жиі қолдана бастайды және оны бақылау қиындайды. Екінші сатысында алкогольге деген тәуелділік күшейіп, адам ішуді тоқтата алмайтын деңгейге жетеді. Бұл кезеңде тәуелділікке өте көп мөлшерде алкоголь қолдануы мүмкін. Ал соңғы сатысында адамның денсаулығы күрт нашарлап, еңбекке қабілеттілігі төмендейді, есте сақтау мен ойлау жүйесінде ауыр бұзылыстар байқалады.

– Алкогольге тәуелділіктің алдын алуда қандай шаралар тиімді?

– Ең алдымен, отбасындағы тәрбие мен қолдау маңызды. Баламен ашық сөйлесу, оның ортасына көңіл бөлу, психологиялық жағдайын бақылау

қажет. Сонымен қатар мектептер мен колледждердегі профилактикалық жұмыстардың маңызы зор.

Салауатты өмір салтын насихаттау, спорт пен мәдени шараларға жастарды көбірек тарту да жақсы нәтиже береді. Қоғамда алкогольге тәуелділікке жеңіл қарамай, оны ауру ретінде қабылдау мәдениетін қалыптастыру қажет.

– Оқырмандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Алкогольге тәуелділік – ұят емес, ол медициналық көмек пен қолдауды қажет ететін ауру. Сондықтан алғашқы белгілер байқалған жағдайда маманға дер кезінде жүгінуден қорықпау керек. Ерте анықталған тәуелділікті емдеу әлдеқайда тиімді болады.

Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, салауатты өмір салтын ұстануы қажет. Ал отбасы мүшелерінің қолдауы мен қоғамдағы түсіністік мұндай дерттің алдын алуда ерекше рөл атқарады.

Сұхбаттасқан – Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ

ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Қонаев» сообщает о проведении электронных торгов по продаже объектов коммунальной собственности города Қонаев, которые состоятся на веб-портале Реестра государственного имущества www.e-qazyna.kz.

Продажа объектов коммунальной собственности города Қонаев осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 (далее – Правила).

На электронный аукцион (первые торги), который состоится 10 июня 2026 года с 10:00 до 17:00 часов по времени города Астана выставляются следующий объект коммунальной собственности (автотранспорт):

Балансодержатель: Государственное учреждение «Отдел государственных активов и закупок города Қонаев» Контактные лица: 8-747-627-75-26 Местонахождение объекта: Алматинская область, г.Қонаев, ул. А.Д.Койчуманова, 4		
№	Название недвижимого имущества	Расположение объекта
1	Пост электрической централизации Алматинской железной дороги	Алматинская область, г.Қонаев, ул. Алматинская уч, 5/1

На электронный аукцион (первые торги), который состоится 11 июня 2026 года с 10:00 до 17:00 часов по времени города Астана выставляются следующий объект коммунальной собственности (недвижимое имущество):

Балансодержатель: Государственное учреждение «Аппарат акима города Қонаев» Контактные лица: 8-747-627-75-26 Местонахождение объекта: Алматинская область, г.Қонаев, Северное побережье капшагайского водохранилища, база отдыха «Алматы-Демалыс» строение № 162		
№	Название недвижимого имущества	Расположение объекта
1	База отдыха Банковец	Алматинская область, г.Қонаев, Северное побережье капшагайского водохранилища, база отдыха «Алматы-Демалыс» строение № 162

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Гарантийный взнос вносится на реквизиты единого оператора:
Получатель платежа: АО «Информационно-учетный центр»; БИН: 050540004455, КНП: 171; КБЕ:16; Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК: HSBKZKX.

Назначение платежа: Гарантийный взнос для участия в аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Гарантийный взнос вносится на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества в форме и порядке, установленных в извещении, и в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Гарантийный взнос вносится участником либо от имени участника любым другим физическим или юридическим лицом.

1. «Темекі өнімдерін кәдеге жарату» тақырыбындағы қоғамдық тыңдаулар 2. Әсер ету аймағы: Алматы облысы, Алатау қаласы, өнеркәсіптік аймақ, «Арна» учаскесі №137/1. 3. Қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар 08.06.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өткізіледі. Интернет-ресурстар: ndbecology.gov.kz 4. Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «TIANYUJIE» ЖШС Өкіл: Евгения Викторовна Ким Байланыстар: тел. 8 747 500 40 30 5. Темекі өнімдерін кәдеге жарату бойынша материалдар ndbecology.gov.kz сайтында және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде орналастырылған. 6. Темекі бұйымдарын кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай мен телефон бойынша алуға болады: Жетісу ауданы, Панфилов ауданы, Атамекен ауылы, Қорғаз ауылы, 134 есеп орам, 16 корпус, тел.: +7 747 5004030

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки ТИТОВОЙ МАРИИ МИХАЙЛОВНЫ, умершей двадцать девятого января две тысячи двадцать шестого года, наследникам обратиться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки НУРМАГАМБЕТОВОЙ КАЛИМАШ ТАЙТЕЛЕУОВНЫ, умершей 26 ноября 2025 года, просим всех наследников обратиться к нотариусу Ахметову Ермеку Ануаровичу по адресу: г. Қонаев, 2 мкр., дом 16, кв.38 или по телефону: 87078353000

Открыто наследственное дело после смерти гражданина МУКАШЕВА МУРАТБЕК КАБУЛ-БЕКОВИЧА, умершего 14.05.2026 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу Вишневской Светлане Владимировне по адресу: Алматинская область, город Қонаев, микрорайон 1, участок № 35/1 (рядом с ЦОНОм), телефон 87772450185

ХАБАРЛАМА

«Нартас» ЖШС «Нартас» ЖШС-нің І санаттағы нысанын пайдаланудың жобалық құжаттамасы бойынша экологиялық рұқсат алу» материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Нысан Алматы облысында, Қонаев қаласында орналасқан. Учаскенің географиялық координаттары: [43.947034°, 77.104501°], [43.947978°, 77.107027°], [43.941259°, 77.112073°], [43.940452°, 77.109440°]. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: [43.956882°, 77.105956°], [43.941848°, 77.124504°], [43.931555°, 77.110872°], [43.945513°, 77.092311°].

Тыңдау 2026 жылдың 3 шілдесінде сағат 11:00-де өтеді. Қоғамдық тыңдаулар өтетін орын: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 2-ші шағын аудан, 19-ғимарат, 2-қабат. Онлайн сессияға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/8654209872?pwd=VnZGOEFyTVdEcEdMSGVpNDZkdz09>
Конференция идентификаторы: 865 420 9872 Кіру коды: yі33gz

Ашық отырыс өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Нартас» ЖШС, ҚР, Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би көшесі, № 291А үй, БСН 091140001852, тел. 8-872-726-3867, nartas-bvr@mail.ru.

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Проектсервис» ЖШС, Қарағанды қ., б. Жырау к-сі, 48а, БСН 070240003995, тел. 8 (72-12) 214616, proekt_krg@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының мекенжайы: <https://www.gov.kz>. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі: <https://ndbecology.gov.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Қонаев қаласы, Алматы көшесі, 54, e-mail: priroda_alm@bk.ru

САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қонаев қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ Қонаев қаласының коммуналдық меншігіндегі объектілерді сату бойынша электрондық сауда-саттықтың өткізілетіні туралы хабарлайды. Сауда-саттық мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-qazyna.kz веб-порталында өтеді.

Қонаев қаласының коммуналдық меншігіндегі объектілерді сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – Қағидалар).

2026 жылғы 11 маусымда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін өтетін электрондық аукционға (алғашқы сауда-саттық) коммуналдық меншіктегі келесі объект (автокөлік) қойылады:

Теңгерім ұстаушы: «Қонаев қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Байланыс тұлғалары: 8-747-627-75-26 Объектінің орналасқан жері: Алматы облысы, Қонаев қаласы, А.Д. Қойшуманов көшесі, 4.		
№	Жылжымайтын мүліктің атауы	Объектінің орналасуы
1	Алматы теміржолының электрлік орталықтандыру посты	Алматы облысы, Қонаев қаласы, ул. Алматинская уч, 5/1

2026 жылғы 10 маусым Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін өтетін электрондық аукционға (алғашқы сауда-саттық) коммуналдық меншіктегі келесі объект (жылжымайтын мүлік) қойылады:

Теңгерім ұстаушы: Қонаев қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі. Байланыс тұлғалары: 8-747-627-75-26 Объектінің орналасқан жері: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қапшағай су қоймасының Солтүстік жағалауы, «Алматы-Демалыс» демалыс базасы, 162 құрылыс.		
№	Жылжымайтын мүліктің атауы	Объектінің орналасуы
1	Демалыс базасы Банковец	Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қапшағай су қоймасының Солтүстік жағалауы, «Алматы-Демалыс» демалыс базасы, 162 құрылыс.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарландыру жарияланған күннен басталып, аукцион басталғанға дейін екі сағат қалғанда аяқталады. Осы мерзімнен кейін қатысушылар берілген өтінімді қайтарып ала алмайды. Гарантийный взнос вносится на реквизиты единого оператора:

Получатель платежа: ЖШС «Ақпараттық есеп орталығы»; БСН: 050540004455, КНП: 171; КБЕ: 16; АО «Қазақстан Халық Банкі» банкінде есепшот (IBAN/ИИК): KZ946017111000000330; БИК: HSBKZKX.

Төлем тағайындалуы: Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна хабарландыруда көрсетілген нысан мен тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың реквизиттеріне төленеді. Кепілдік жарна қатысушы немесе қатысушы атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға арқылы төленуі мүмкін.

1. Общественные слушания на тему «Утилизация табачных изделий» 2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1 3.Общественные слушания в форме публичный обсуждений состоятся в период с 08.06.2026 г. в течении 10-ти рабочих дней. Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz 4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «TIANYUJIE» Представитель: Ким Евгения Викторовна Контакты: тел.8 747 500 40 30 5.Материалы по утилизации табачных изделий размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области» 6. Дополнительную информацию по материалам утилизации табачных изделий можно ознакомиться по адресу и номеру: обл. Жетісу, Панфиловский р-н, с.о. Атамекен, с. Қорғаз, учетный квартал 134, здание 16, тел: 8 747 5004030
--

«2NS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15- бабының 13-тармағына сәйкес, «2-NS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметіне тариф пен тарифтік смета бекітуге ұсынған өтінімін қарауға байланысты жария тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

Жария тыңдаулар 2026 жыл 4 маусым күні сағат 11:00-де, Алматы облысы, Қонаев қаласы, с.Шенгелді, Сейфуллин көшесі, 34 үй мекенжайы бойынша (ауылдық округі әкімдігінде), сондай-ақ, «Qosyl» бейнебайланыс платформасы арқылы онлайн форматта өтеді.

Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.

Министрліктің байланыс телефондары: 8 (717) 2740912, «2-NS» ЖШС байланыс телефоны : 8 705 197 60 91.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Нартас» планирует проведении общественных слушаний по материалам «Проектная документация по эксплуатации объекта I категории ТОО «Нартас» для получения экологического разрешения».

Объект находится на территории Алматинской области, г. Қонаев. Географические координаты участка: [43.947034°, 77.104501°], [43.947978°, 77.107027°], [43.941259°, 77.112073°], [43.940452°, 77.109440°]. Географические координаты территории воздействия: [43.956882°, 77.105956°], [43.941848°, 77.124504°], [43.931555°, 77.110872°], [43.945513°, 77.092311°].

Слушания состоятся: 3 июля 2026 г. в 11:00 ч. Место проведения общественных слушаний: Алматинская область, г. Қонаев, 2-ой микрорайон, строение 19, 2-ой этаж. Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/8654209872?pwd=VnZGOEFyTVdEcEdMSGVpNDZkdz09>
Идентификатор конференции: 865 420 9872 Код доступа: yі33gz

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Нартас», РК, г.Алматы, Ауэзовский район, улица Толе би, дом № 291А, БИН 091140001852, тел. 8-872-726-3867, nartas-bvr@mail.ru.

Разработчик экологической документации: ТОО «Проектсервис», г. Караганда, ул. Б.Жырау, 48а, БИН 070240003995, тел. 8 (72-12) 214616, proekt_krg@mail.ru.

Адрес интернет ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту в электронном виде: <https://www.gov.kz>. Ссылка на НБД СОС и ПР: <https://ndbecology.gov.kz>

Адрес электронной почты и почтовый адрес местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения в письменной или электронной форме: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», Республика Казахстан, г. Конаев, ул. Алматинская, 54, e-mail: priroda_alm@bk.ru